

«Қазақстанда кәсіпкерлікті дамыту» тақырыбына арналған дөңгелек үстел

2018 жылдың 29 қарашасында «Рухани Жанғыру» бағдарламасы аясында ҚазБСҚА колледжінің 0402000 - «Дизайн», 1401000 - «Ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану және салу» мамандықтары бойынша 3 курс студенттері арасында дөңгелек үстел өткізілді.

Ұйымдастырушы - колледж мұғалімі Ильясова Қ.И., қазылар алқасының құрамы - ғылыми орталық директоры Б.А. Абилова, ҚТИМФ экономика бағытының жетекшісі С.Ж.Даурбекова, ҚТИМФ профессор ассистенті Қ.А. Нуржанова, колледж директоры – Г.А.Сейдуллаева, колледж директорының орынбасарлары: Н.С.Нусипов және Н.Т. Шогелова, колледж әдіскері М.Е.Мусатаева, колледж мұғалімі Р.К.Жанақова.

Студенттер келесі тақырыптарды талқылады:

- Бизнесі жүргізу - 2018
- Инновациялар және бизнес идеялар
- Банк жүйесіндегі бәсеке
- Жоғалып баражатқан мамандықтар және болашақ мамандықтар
- Жастар арасындағы жұмыссыздық проблемасы
- Кәсіпкерліктегі тәуекелдер
- Бизнес саласындағы әйелдер
- Мұнай бизнесі
- Бизнес дизайн саласында
- АҚШ тендерлерінде табыс табу
- Маусымдық бизнес
- Қазақстанда туризмді дамыту
- Қалдықтарды қайта өңдеу
- Экотуризм

Іс-шараның мақсаты - студенттерге бәсекеге қабілеттілік, ұлттық сәйкестік, білімділік, эволюциялық даму және сананың ашықтығы бойынша қызығушылықтарын арттыру.

Дөңгелек үстел өте қызықты әрі тартысты өтті, іс-шараның соңында дипломдар мен сертификаттар салтанатты түрде табыс етілді.





